ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

2 апта

7-8 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

2 апта

Апталық кітап:

7-сынып: Чарльз Диккенс – “Оливер Твист”
8-сынып: А.Баймұхамедов (ауд. С.Қамшыгер) - «Тастамашы, ана»

Апталық челлендж:

Кітаппен кемелден. “Отбасымен бірге кітап оқу”

Апталық жоба:

“Менің отбасымның кітапшасы”

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

Әдептілік әліппесі. “Әдептілік”

Апталық отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

“Санамақ”

Апталық отбасымен бірге көруге арналған фильм:

- **“Мұзбалақ” анимациялық фильмі - https://www.youtube.com/watch?v=Xag-nJItQpo**
- **“Каратэ-пацан” - https://www.kinopoisk.ru/film/412162/**

Апталық қолөнер жұмысы:

оригами жасау

2 апта

Апталық челлендж:

- **Кітаппен кемелден "Отбасымен бірге кітап оқу"**

Мақсаты: отбасымен бірге кітап оқу дағдысын қалыптастыру, бір-біріне жағымды (позитивті) энергия тарату және оның әсерін сезіну.

Орындалуы: отбасы мүшелері толығымен бір бөлмеде отырып, тыныштық сақтап, 20 минут әркім өз кітабын оқиды. Кітап оқу уақыты жақындағанда үйдің үлкендерінен біреуі сол сәтті видеоға түсіре отырып, отбасы мүшелерін таныстырып, олардың оқып отырған кітаптарының атауын көрсетеді. Түсірілген видеоны әлеуметтік желіге салып, челленджді келесі отбасына немесе достарына жолдайды (туыстарының немесе жолдастарының отбасыларына жолдауға болады).

Апталық жоба:

- **"Менің отбасымның кітапшасы"**

Мақсаты: отбасындағы адамдарды жақсырақ тану, зерттеу және жазу дағдымызды арттыру.

Орындалуы: алдымен өзіңізді қызықтырған және отбасы мүшелерін жақсырақ тануға жол ашатын 10-15 сұрақ дайындау және сол сұрақтарға жауап алу. Мысалы: Сіздің сүйікті фильміңіз қандай және ол фильм несімен ұнайды? Сіз қандай реңді ұнатасыз және т.с.с. Барлық отбасы мүшелерінен жауаптар алынған соң, отбасы кітабын жасау. Кітап барынша безендірілген және әр отбасы мүшелерін жақсы таныстыратындай мағлұматтар болуы тиіс.

2 апта

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

- Әдептілік әліппесі. “Әдептілік”

Әдептілік жайында ғибратты әңгіме:

Үш елек ойдан өткіз

Бір адам Сократты көре салып:

- Айтпақшы, осы сенің досыңның маған не айтқанын білесің бе? – депті.

Сонда Сократ ойланбастан:

- Сәл кідір, алдымен айтқалы тұрғаныңды үш електен өткіз, - депті.

- Үш електен?

- Бірнәрсе айтпас бұрын, алдымен оны електен өткізу керек. Ең бірінші шындық елегінен. Айтайын деп тұрғаның шындық екеніне көзің жете ме?

- Жоқ, мен тек естідім.

- Сөйтіп сен айтайын дегеніңнің шындық па, жоқ па екенін білмейсің. Онда екінші елек. Ол – жақсылық елегі. Менің досым туралы жақсы нәрселер айтпақшысың ба, жоқ па?

- Онша жақсы нәрселер емес. Менің бұл әңгімелерге еш қатысым жоқ. Мен тек басқалардан естідім.

- Сонда әңгімеңде жақсылық та жоқ. Солай ма? Олай болса соңғы електі қолданып көрейік. Сенің айтпақ болғаныңды менің білуім міндетті ме?

- Жоқ, ондай қажеттілік жоқ.

- Сонымен, - деді Сократ, - сенің айтқың келгендерде шындық та, жақсылық та, пайда да жоқ. Онда айтудың да қажеті жоқ. – депті.

2 апта

Әдеп

Ыбырай Алтынсарин

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді.

Сонда әкім:

– Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? – деді дейді.

Апталық отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Атауы: “Санамақ”
Уақыты: 10 минут.
Мақсаты: байқампаздық, сақтық қабілеттерін дамыту, сыйластыққа баулу.
Түрі: тренинг.
Орындалуы: бұл ойынға 3 немесе одан да көбірек ойыншы қажет. Кез-келген ойыншы санамақты бастайды. Мәселен, бұл ойында 3 адам болса, сол ойыншылардан біреуі санамақты бастайды. Ойыншы бір дейді, кейінгі ойыншы 2 дейді. Үшінші ойыншы 3 дейді. Осылайша жалғаса береді. Егер де екі ойыншы бір санды бір уақытта айтып қалса, санамақ қайтадан 1 санынан басталады.
Қорытынды: ойыншылар бірін-бір сөзсіз түсінуге тырысып, ойын барысында бір-біріне құрмет көрсетеді.

2 апта

Апталық қолөнер жұмысы:

- Оригами жасау



www.qundylyq.kz